

"АКПО" акционерлік қоғамы (Ақтау қаласы) туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 7 желтоқсан N 1248

"АКПО" ашық үлгідегі акционерлік қоғамына оңалту рәсімін қолданудың қанағаттанғысыз нәтижелеріне, ауыр қаржы-экономикалық жағдайына және оның дәрменсіздігіне байланысты, Қазақстан Республикасының "Банкроттық туралы" Z970067_ Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" акционерлік қоғамы арқылы заңдарда белгіленген тәртіппен:

бір апта мерзім ішінде "АКПО" ашық үлгідегі акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "АКПО" ААҚ) қатысты банкроттық туралы іс қозғау туралы талап-арызбен Қазақстан Республикасының сот органдарына өтініш жасауды;

сотқа конкурстық басқарушының кандидатурасын ұсынуды;

кредиторлар комитетіне өкілдің кандидатурасын белгілеуді қамтамасыз етсін.

2. Сот органы "АКПО" ААҚ-ын банкрот деп тану туралы шешім қабылдаған жағдайда және банкроттық рәсімдерін жүргізу барысында азаматтардың өміріне, денсаулығына және қоршаған ортаға әсер етуге қабілетті қолайсыз жағдайлардың пайда болуын болдырмау мақсатында конкурстық массаны сатудың:

"Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" акционерлік қоғамының Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің қорытындысын ескере отырып "АКПО" ААҚ конкурстық массасын сатудың жоспарын бекітін;

"АКПО" ААҚ конкурстық массасын бірыңғай лотпен сатуды көздейтін айрықша шарттары мен тәртібін белгілесін;

әкімшілік шығындар мен бірінші кезектегі кредиторлардың алдындағы міндеттемелердің төленбеген бөлігінің сомасына тең лот үшін ең төменгі бағаны;

заңнаманың талаптарын ескере отырып бір ғана қатысушы жағдайында өткен лот бойынша сауда-саттықты тану мүмкіндігін.

Ескерту. 2-тармақ абзацтармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.08.07. N 1215 қаулысымен. P001215_

2-1. Конкурстық массаны сатып алушыларға:

2000 жылғы 1 желтоқсанға полистирол өндірісін жаңарту үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету жөнінде міндеттемелер қабылдауға;

сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап объекті мен қызметшілерді ұстау жөніндегі барлық шығындарды төлеу жөнінде міндеттемелер

қ а б ы л д а у ғ а ;

сатып алу-сату шартының ажырамас бөлігі болып табылатын Қазақстан Республикасының Энергетика иидустрия және сауда министрлігімен келісілген кесте бойынша үшінші кезектегі кредиторлардың талаптарын өтеу жөнінде міндеттемелер

қ а б ы л д а у ғ а ;

сатып алушыда кәсіпорынның өндірістік қызметін жаңғырту туралы Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен келісілген инвестициялық бағдарламаның болуына қосымша талаптар көзделсін.

Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.08.07.

№ 1215 қаулысымен. Р001215_

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "АКПО" акционерлік қоғамын қаржы-экономикалық сауықтыру жөніндегі шаралар туралы" 1997 жылғы 24 ақпандағы № 257 Р970257_ қаулысы 2,3,4,5,6-тармақтарының күші жойылған деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда

министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сатып алушының сатып алу-сату шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауын бақылауды қамтамсыз етсін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.08.07. № 1215 қаулысымен.

Р001215_

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі